$$\begin{aligned} \vec{n} \cdot (\vec{D}_1 - \vec{D}_2) &= \sigma; & [\vec{n}, (\vec{E}_1 - \vec{E}_2)] &= 0. \\ \vec{n} \cdot (\vec{B}_1 - \vec{B}_2) &= 0; & [\vec{n}, (\vec{H}_1 - \vec{H}_2)] &= \vec{l}. \end{aligned} \quad (9)$$

мұнда  $\vec{n}$  – 2 ортадан 1 ортаға бағытталған бөлу шекарасының нормалі және бөлу бетінің кез келген нүктесінде кез келген уақытта орындалуы тиіс [1,3,5,6].

### Әдебиеттер

1. Ландау Л.Д. Теоретическая физика. Теория Поля: Учебн. пособие / Л.Д. Ландау, Е.М. Лифшиц. – 7-е изд., испр. – М.: Наука, 1988. – 512 с.
2. Савельев И.В. Курс общей физики. Т.2. Электричество и магнетизм, волны, оптика. <http://www.for-students.ru/fizika/uchebniki/kurs-obschey-fiziki-t-2-elektrichestvo-i-magnetizm-volnyuoptika.html>.
3. Джексон Дж. Классическая электродинамика: Учебн. пособие / Дж. Джексон. – М.: Мир, 1965. – 702 с.
4. Шарипов Р.А. Классическая электродинамика и теория относительности: Учебн. пособие / Р.А. Шарипов. – Уфа: БашГУ, 1997. – 164 с.
5. Касенова Л.Г. Дифференциальные и интегральные уравнения в теории электромагнетизма / Л.Г. Касенова, А.А. Мухамбетова // Вестник ЕНУ им.Л.Гумилева. – 2017. – №6(212). – С. 141-146.
6. Касенова Л.Ф. Студенттердің өзіндік практикалық жұмыстары – физиканы оқытудың негізі ретінде / Л.Ф. Касенова // ҚазЭҚХСУ Жаршысы. – 2016. – №1. – 59-62 бб.

### Аннотация

Теорию электромагнитного поля сформулировал в виде системы нескольких уравнений знаменитый английский физик Максвелл. В учении об электромагнетизме эти уравнения играют такую же роль, как уравнения (или законы) Ньютона в механике.

Для решения задач электродинамики, помимо уравнений Максвелла, необходимо знать граничные условия – соотношения между векторами поля в двух очень близких точках, находящихся по обе стороны границы раздела двух сред. Граничные условия есть следствие уравнений Максвелла для такого особого случая.

В статье определены соотношения между нормальными и касательными соотношениями полей.

### Annotation

The electromagnetic field theory was formulated as a system of several equations by the famous English physicist Maxwell. In the theory of electromagnetism, these equations play the same role as Newton's equations (or laws) in mechanics.

To solve the problems of electrodynamics, in addition to the Maxwell equations, it is necessary to



know the boundary conditions – the relations between the field vectors at two very close points located on both sides of the interface between two media. The boundary conditions are a consequence of the Maxwell equations for such a special case.

The article defines the relationship between normal and tangential field relations.



ӘОЖ: 519.613  
ҒТАМР: 27.41.15

*Б.А. Серімбетов, т.ғ.к., доцент*  
*Ү.Қ. Тұрысбекова, PhD, аға оқытушы*  
*ҚазЭҚХСУ*

## ОРТОГОНАЛ МАТРИЦАЛАРДЫ ГЕНЕРАЦИЯЛАУ АЛГОРИТМДЕРІ

Соңғы кезде «латын квадраттары» үлгісіндегі ортогонал матрицалар комбинаторикада, криптографияда, кодтау теориясында, тәжірибелерді жоспарлауда және басқа да салаларда кеңінен қолданылады. Заманауи технологиялардың даму дәуірінде ақпарат қауіпсіздігі маңызды орын алады. Жіберілетін ақпараттың (әр түрлі ақпараттық жүйелер) құпиялылығымен байланысты әр түрлі қызметтер саласындағы сапаны қамтамасыз ету үшін ақпаратты қорғау әдістері қолданылады. Қазіргі уақытта ашық мәтінге жылжымалы кілт тағайындалатын ағындық криптожүйелер танымал және кеңінен қолданылады. Аталған кілт псевдокездейсоқ тізбек түрінде өрнектеледі. Бағдарлама арқылы жүзеге асырылатын криптожүйелерде көбінесе өткізгішті басқаратын алмастырулар негізіндегі генераторлар қолданылады, мысалы RC4. Жылжымалы кілтті өндіру үшін пайдаланылатын псевдокездейсоқ тізбектердің генераторларына мынадай талаптар қойылады: период ұзындығы үлкен болуы қажет; кілттің өлшемі үлкен болуы қажет; тізбек статистикалық тұрақты болуы қажет.

Ұсынылған жұмыста ағындық шифрларды зерттеу мен құру үшін қажетті мәліметтер келтіріліп, ортогонал матрицаларды генерациялау алгоритмдері ұсынылады, сонымен қатар олардың негізінде ағындық шифрлар үшін ұзын псевдокездейсоқ тізбектерді құру тәсілі беріліп, алынған псевдокездейсоқ тізбектердің ұзындығы бағаланады.

**Негізгі ұғымдар:** ортогонал матрица, ағындық шифр, псевдокездейсоқ тізбек, генерация.

Ақпаратты шифрлаудың перспективті тәсілдерінің бірі ағындық криптожүйелерді қолдану болып табылады [1-3].

Заманауи ағындық шифрлардың кілттерден құралған ұзын тізбегі псевдокездейсоқ сандар қатарларының генераторларымен өндірілетін кілттік ағын түрінде өрнектеледі. Псевдокездейсоқ сандар тізбегінің (гамманың) криптографиялық тұрақты генераторының ең маңызды сипаттамасы

оның ұзындығы (оның периодының ұзындығы) болып табылады, себебі ол ұзындығы әр түрлі хабарламалар үшін жеткілікті үлкен болуы қажет [1, 2]. Ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптары [4] еңбегінде талданған.

Бұл жұмыста қуаты 2, 3 және одан да жоғары болатын ортогонал матрицаларды генерациялау алгоритмдері келтіріледі, сонымен қатар олардың негізінде ағындық шифрлар үшін ұзын псевдокездейсоқ тіз-

бектерді құру тәсілі беріліп, әрбір қарастырылатын жағдай үшін сәйкесінше алгоритмдері ұсынылады. Алынған псевдокездейсоқ тізбектердің ұзындығы бағаланады.

Латын квадраттары мен ортогонал матрицалардың көптеген қолданыстары белгілі [5, 6], атап айтқанда комбинаторикада, алгебрада (латын квадраттарын зерттеу квазитоптарды зерттеумен тығыз байланысты), кодтау теориясында, тәжірибелерді жоспарлауда, жүргізілетін тәжірибелердің артықшылығын азайтуда және т.б. Олардың ішінде ең танымалы математикалық моделдер мен үрдістерді алу үшін тәжірибелердің жоспарларын құру мақсатында тәжірибелерді жоспарлау саласында және оңтайландырудың факторлық әдістерінде қолдану болып табылады. Мұндай әдістерге өнімді параметрлік жобалау (Тагути әдісі) әдістері жатады [5].

Тагути әдісінің негізіне ортогонал матрицаларды құнның мақсатты функциясын оңтайландыру үшін қолдану жатады.

[7] еңбегінде кез келген қуатты ортогонал матрицаларды генерациялаудың алгоритмдік тәсілі тұжырымдалған. Мұндағы матрицаның элементтері ( $M$  деңгейлер саны) қабылдайтын мүмкін мәндер саны жай сан болуы қажет. Қуаты  $t$ , индексі 1, деңгейлер саны  $M$ , жол мен бағандар саны  $M+1$  болатын  $OA(M, t)$  матрицасында  $t$  бағандарының әрбір комбинациясына  $0 \dots M-1$  сандарының барлық  $M^t$  комбинациясы тек бір рет кіреді.

Құрастырылған алгоритмдер арқылы алынған ортогонал матрицаларды сараптама жүйелерінде өнеркәсіп кәсіпорындарының ұйымдастыру мен технологиялық мәселелерін оңтайландыру үшін қолдану тәсілі [8] еңбегінде келтірілген.

Кодтау теориясында бүгінгі күнде кодтарды құраудың әр түрлі әдістері қолданылады (сызықтық кодтар, циклдік кодтар, үйірткілі кодтар). [5] еңбегінде сызықтық кодтарды ортогонал матрицаларды қолдану арқылы құру тәсілдері, сонымен қатар орто-

гонал матрицаларды әр түрлі кодтар негізінде алу жолдары ұсынылған.

Бірқатар анықтамалар мен ұғымдарды енгізейік.

Айталық,  $M$  – қандай да бір анықталған құрылымның, мысалы ақырлы Галуа өрісінің, элементтері болатын  $0, 1, \dots, M-1$  ақырлы жиыны мәндерінің жиынтығы болсын (тәжірибелерді жоспарлау практикасында бұл  $f$  факторлар деңгейлері).

Элементтері  $M$  жиынынан алынған  $a \times b$  матрицасы деп жол мен бағанның қиылысуында бір элемент болатын  $a$  жолдан және  $b$  бағаннан тұратын  $ab$  кестесін атаймыз.

*Анықтама 1* [5]. Элементтері  $M$  жиынынан алынған  $N \times k$  матрицасы деңгейлері  $M$ , қуаты  $t$  және индексі  $\lambda$  ( $0 \leq t \leq k$ ) болатын *ортогонал матрица* деп аталады, егер  $OA$  (*Orthogonal Arrays*) матрицасының әрбір  $N \times t$  ішкі матрицасына  $M$  жиынының  $t$  элементтерінен құралған әрбір комбинациясы жол ретінде тек қана бір рет кірсе.

$\lambda=1$  жағдайында ортогонал матрица бірлік индекске ие болады. Әрі қарай бұл жұмыста осындай ортогонал матрицаларды қарастырамыз.  $N, k, M, t$  айнымалылары матрицаның параметрлері деп аталады. Осылайша, бұдан әрі мұндай ортогонал матрицаларды  $OA(N, k, M, t)$  деп белгілейміз.

1-Анықтамаға сәйкес қуаты кез келген  $t$  болатын ортогонал матрицаларда әрбір екі жол үшін кез келген  $t$  бағанның элементтерінен құралған  $t$ -компонентті векторлар әр түрлі болады. Бұл қайталанбас қасиетті ұзындығы үлкен болатын псевдокездейсоқ тізбектерді ортогонал матрицалар негізінде генерациялау үшін қолдану ұсынылады. Осы тәсілдің негізгі жағдайларын қарастырайық.

Қуаты 2 болатын ортогонал матрицаларды генерациялау алгоритмі [9] еңбегінде келтірілген. Ол қос-қостан ортогонал латын квадраттарының толық жиыны арқылы (Стивенс-Боуз Үдісі) теорема түрінде келтірілген. [7] еңбегінде ортогонал матрица-

лардың қуаты кез келген жағдайға жалпылау мүмкіндігі ескертілген. Осы алгоритмдердің әрқайсысын оларды псевдокездейсоқ тізбектерді генерациялау үшін қолдану тұрғысынан қарастырайық.

*1-Жағдай.* Айталық,  $t=2$ . [9] еңбегінде теорема түрінде тұжырымдалған қуаты 2 болатын ортогонал матрицаларды генерациялау алгоритмін осы жұмыста енгізілген терминология мен белгілеулер арқылы былайша көрсетейік:

*1-Алгоритм.*

$$OA(N, k, M, 2) = (ik + j) \bmod M, N = iM + j, 0 \leq i, j \leq M - 1, k = 0, \dots, f - 2;$$

$$OA(N, k_{-1}, M, 2) = i, N = iM + j, 0 \leq N \leq M^2 - 1,$$

OA матрицасының бағандары  $-1, 0, \dots, f - 2$  түрінде нөмірленген,  $f \leq M + 1$ , M-жай сан.

*2-Алгоритм.* Псевдокездейсоқ тізбектердің генерациясын келесі қадамдарды орындай отырып жүргіземіз:

1. Матрицаның  $N, k, M$  параметрлерін олардың мүмкін мәндер жиынынан кездейсоқ тәсілмен енгіземіз.

2. 1-алгоритм көмегімен берілген өлшемдегі ортогонал матрицаны құрамыз.

3. Псевдокездейсоқ тізбекті құрамыз. Матрицаның кез келген 2 бағанын таңдаймыз, нәтижесінде матрицаның екі элементінен  $M^2$  комбинация аламыз, олар үшін  $(M^2)!$  ауыстырулар бар. Екі-екіден барлық бағандарды таңдап шығамыз. Бағандардың  $k=M+1$  жалпы санынан 2 бойынша орналастырулар саны  $A_{M+1}^2$ . Қостарды орналастырудың ретін ескере отырып, осылайша алынған псевдокездейсоқ тізбектің ұзындығы  $(A_{M+1}^2) \times A_{M+1}^2 \times 2 \times (M^2)!$ .

*2-Жағдай.* Айталық,  $t=3$  болсын. Қуаты 3 болатын ортогонал матрицалардың генерациясы алгоритмін қарастырайық.

*3-Алгоритм.*

$$OA(N, k, M, 3) = (i_{-2}k^2 + i_{-1}k + i_0) \bmod M, k = 1, 2, \dots, K, \text{ мұндағы } M - \text{факторлар деңгейлерінің саны,}$$

$$OA(N, k_{-2}, M, 3) = i_{-2}, OA(N, k_{-1}, M, 3) = i_{-1}, OA(N, k_0, M, 3) = i_0,$$

$$N = i_{-2}M^2 + i_{-1}M + i_0,$$

мұндағы OA матрицасының бағандарының саны  $K+3$ ,  $K=M$  – жай сан.

*4-Алгоритм.* 2 – Алгоритм арқылы псевдокездейсоқ тізбекті құрамыз және мұнда матрицаны құру үшін 3 – Алгоритмді қолданамыз, матрицаның кез келген 3 бағанын таңдаймыз, нәтижесінде матрицаның үш элементінен  $M^3$  комбинация аламыз, олар үшін  $(M^3)!$  ауыстырулар бар. Үш-үштен барлық бағандарды таңдап шығамыз. Бағандардың  $k=M+3$  жалпы санынан 3 бойынша орналастырулар саны  $A_{M+3}^3$ . Үштіктің ретін ескере отырып, алынған псевдокездейсоқ тізбектің ұзындығы  $(A_{M+3}^3) \times A_{M+3}^3 \times 3 \times (M^3)!$ .

*3-Жағдай.* Айталық,  $t > 3$  болсын. Қуаты кез келген ортогонал матрицалардың генерациясы алгоритмін қарастырайық [9].

*5-Алгоритм.* Айталық,  $M$  – жай сан болсын,  $t \leq M - 1$ , онда

$$N = \sum_{j=0}^{t-1} N_{-j} M^j, j = 0, t-1$$

$$OA = (N, k, M, t) = (\sum_{j=0}^t N_{-j} k^j) \bmod M, N = 0, M^t - 1, k = 1, M - 1.$$

*6-Алгоритм.* 2 – Алгоритм арқылы псевдокездейсоқ тізбекті құрамыз және мұнда матрицаны құру үшін 3 – Алгоритмді қолданамыз, матрицаның кез келген  $t$  бағанын таңдаймыз, нәтижесінде матрицаның  $t$  элементінен  $M^t$  комбинация аламыз, олар үшін  $(M^t)!$  ауыстырулар бар. Барлық  $t$  бағандарды таңдап шығамыз. Бағандардың  $k$  жалпы санынан  $t$  бойынша орналастырулар саны  $A_{M-1}^t$ . Нәтижесінде алынған псевдокездейсоқ тізбектің ұзындығы  $(A_{M-1}^t) \times A_{M-1}^t \times t \times (M^t)!$ .

Ұсынылған тәсілді сипаттау үшін келесі мысалды қарастырайық.

*Мысал.* Қуаты кез келген болатын ортогонал матрицалар үшін 5-Алгоритмнің жүзеге асырылуын қарастырайық. Айталық,

матрицаның кездейсоқ тәсілмен алынған параметрлері  $M=7$ ,  $t=4$  болсын. Онда матрицаның жолдарының саны  $N=M^t-1=2400$ , бағандарының саны  $k=M-1=6$  болады. 4-Алгоритм арқылы параметрлері берілген ортогонал матрицаны құрамыз. Алынған матрица төменде көрсетілген. Матрицаның бірінші бағаны жалған болып табылады және матрица жолдарының нөмірлерінен тұрады.

0	0	0	0	0	0	0
1	1	1	1	1	1	1
2	2	2	2	2	2	2
3	3	3	3	3	3	3
4	4	4	4	4	4	4
5	5	5	5	5	5	5
6	6	6	6	6	6	6
7	1	2	3	4	5	6
8	2	3	4	5	6	0
9	3	4	5	6	0	1
10	4	5	6	0	1	2
123	2	3	3	6	6	3
124	3	5	4	0	0	4
2400						

Қуаты 4 болатын ортогонал матрица мысалы

Матрица ортогоналдық болғандықтан, оның кез келген төрт бағаны мен екі жолының қиылысындағы элементтер әр түрлі (суретте – бұл қою шрифтпен белгіленген 1, 2, 3, 4 нөмірлі бағандар мен 7, 9 нөмірлі жолдардың қиылысындағы {1, 3, 4, 5} және {3, 5, 6, 0} элементтерінің комбинациясы). Псевдокездейсоқ тізбек қайталанбайтын элементтер төрттігінен құрылады және оның ұзындығы мынаған тең:

$$(A_{M-1}^t) \times A_{M-1}^t \times t \times (M^t) = (A_6^4) \times A_6^4 \times t \times (M^t) = \left( \frac{6!}{(6-4)!} \right) \times \frac{6!}{(6-4)!} \times 4 \times (7^4).$$

Ұсынылған тәсіл алынған псевдокездейсоқ тізбектерді ағындық шифрлау үшін жылжымалы кілт ретінде қолдануға мүмкіндік береді, себебі тізбек ұзындығының үлкен болуы мұндай шифрлардың сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Келешекте ағындық шифрлар сапасының басқа да көрсеткіштерін бағалауды ұсынамыз.

### Әдебиеттер

1. Варфоломеев А.А., Жуков А.Е., Пудовкина М.А. Поточные криптосистемы. Основные свойства и методы анализа стойкости: Учебн. пособие / А.А. Варфоломеев, А.Е. Жуков, М.А. Пудовкина. – М.: ПАИМС, 2000. – 243 с.
2. Bajalcaliev K. Stream cipher design postulates / SQ model // Proc. 3rd Int. Workshop on «Computer Science and Information Technologies, 2001, Ufa, Yagantau, Russia», Ufa: USATU. – V. 2. – P. 170-175.
3. Ryabko B., Fionov A. Efficient Algorithm for strong ideal cipher // Proc. 3rd Int. Workshop on «Computer Science and Information Technologies, 2001, Ufa, Yagantau, Russia», Ufa: USATU. – V. 3. – P. 94-97.
4. Муханова А.А., Махажанова У.Т. Ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын талдау // ҚазЭҚХСУ жаршысы. – 2017. – №3. – 130-135 бб.
5. Hedayat A.S., Sloane N.J.A., Stufken J. Orthogonal arrays: theory and applications. N.Y.: Springer-Verlag. – New York, 1999. – 405 p.
6. Тұрысбекова Ү.Қ., Азиева Г.Т. Латын квадраттары және олардың криптографияда қолданысы // ҚазЭҚХСУ жаршысы. – 2016. – №2. – 125-133 бб.
7. Мазурова Т.А., Чефранов А.Г. О генерации ортогональных матриц произвольной силы // Известия ТРТУ. Спец. вып. Мат-лы XLVII НТК. – Таганрог. – 2002. – №1. – С.81-82.
8. Chefranov A.G., Mazurova T.A. Support facilities of optimization of technological and organizational processes // Proc. d Int. Workshop on Computer Science and Information Technologies, Ufa, Yangantau, Russia, Sept. 21-26, 2001, Ufa: USATU. – 2001. – Vol. 2. – P. 45-49.

9. Сачков В.Н. Комбинаторные методы в дискретной математике: Учебн. пособие / В.Н. Сачков. – М.: Наука, 1977. – 384 с.

#### **Аннотация**

В последнее время ортогональные матрицы типа «латинских квадратов» широко применяются в комбинаторике, теории кодирования, планировании экспериментов и многих других областях. В эпоху развития современных технологий безопасность информационных систем играет немаловажную роль. Для обеспечения качества в области различного вида услуг, связанных с конфиденциальностью передаваемой информации (различные распределенные информационные системы), применяются методы защиты информации. В настоящее время известны и широко используются поточные криптосистемы, в которых на открытый текст накладывается бегущий ключ, представляющий собой псевдослучайную последовательность. В криптосхемах, реализуемых программно, часто используются генераторы на основе перестановок, управляющих выводом, например RC4: длина периода должна быть велика; размер ключа должен быть велик; последовательность должна быть статистически устойчивой.

В данной работе приводятся необходимые сведения для построения и исследования поточных шифров, а также алгоритмы генерации ортогональных матриц, предлагается способ формирования на их основе длинных псевдослучайных последовательностей для поточных шифров, для каждого из рассматриваемых случаев предлагаются соответствующие алгоритмы и даются оценки длины получаемых псевдослучайных последовательностей.

#### **Annotation**

Recently, orthogonal matrices of the «Latin squares» type are applied in a theory of combinations, the theory of codes, experiment planning and many other areas. In the era of the development of modern technology, the security of information systems plays an important role. To ensure quality in the field of various types of services related to the confidentiality of transmitted information (various information systems), information protection methods are applied. At present, stream cryptosystems are known and widely used, in which a running key, which is a pseudo-random sequence, is superimposed on a plaintext. In cryptoschemes implemented by software, often generators are used based on permutations that control the output, for example RC4. The pseudo-random sequence generators used for generating a running key have the following requirements: the period length must be large; the key size must be large; the sequence must be statistically stable.

This paper provides the necessary information for the construction and study of stream ciphers, as well as algorithms for generating orthogonal matrices, proposes a method for the formation on their basis of long pseudo-random sequences for stream ciphers, for each of the cases considered the corresponding algorithms are proposed and the length estimates of the obtained pseudo-random sequences are given.



ӘОЖ 004.78  
ҒТАМР 49.13.15

Л. Мерейхан, магистр, оқытушы  
ҚазЭҚХСУ

## ТАРМАҚТАЛҒАН МУЛЬТИСЕРВИСТІ ЖЕЛІНІ ҚҰРУ БАРЫСЫНДА SDH ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Мақалада SDH технологиясын пайдалану арқылы, мультисервисті бірлескен желіні құру жолдары қарастырылған. Бірлескен мультисервисті желіні өңдеу, бірлескен жүйедегі көптеген қосымшалар арасында ақпаратты жіберуді қамтамасыз ету үдерістері қазіргі таңда Қазақстан Республикасының аумақтарында көп тараған компаниялар мен кәсіпорындар да өзекті, бірінші деңгейлі мәселе болып табылады. Мақалада кәсіпорындағы желіні құруға әсер ететін факторлар қарастырылып отыр. Сондай-ақ бірлескен желінің негізгі мақсаттары деректер қорын қазіргі уақыт тәртібімен жаңарту, деректерді жіберу, кәсіпорын ішінде конфиденциальды хат жазу, бейнетаспа конференцияларды өткізу, жедел және маңызды ақпараттарды уақытында жеткізу тиімділігі көрсетілген.

**Кілт сөздер:** желі, Gigabit Ethernet желісі, SDH технологиясы, тармақталған мультисервисті желі, жергілікті желі.

Өткен ғасырдың соңынан бастап жергілікті есептеуіш желі қарқынды дамып келеді. Олар кәсіпорындардың мекемелер мен ұйымдардың стратегиялық ресурсы болып, жасырын ақпаратты қателіксіз түрде және үзіліссіз ағынмен тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта кәсіпорындарды ақпараттық технологиясыз, компьютерсіз елестету мүмкін емес. Осыған байланысты барлық компьютерлерді бір тұтас құрылымға қосу туралы сұрақ туындайды. Үш күрделі негізгі инженерлік жүйе (куатпен қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету, вентиляциялар), ал ұжымның ғимараты төртінші инженерлік жүйе – кабельді құруды талап етеді [1].

Шынында, қазіргі салынып жатқан ғимараттарға кабельді құру келесі қойылған жүйелерді талап етеді:

- телефонды (қалалы және жергілікті);
- компьютерді (ЖЕЖ);
- телевидения (қалалы және офисты);
- өрттік сигнал қағу және өрт сөндіру;
- күзеттік сигнал қағу және бақылау;
- климаттық шарттар мониторингі және

оларды басқару.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын ғимараттың ішінде жасауға болады, бірақ кәсіпорынның бизнесі мемлекеттің әр қаласында болған жағдайда, сұрақ туады: осы құрылымның барлығын қалай бір тұтас жүйеге қосуға болады? Бұл сұрақтың жауабын біз бірлескен желіні қолдану арқылы таба аламыз.

Бірлескен желі кәсіпорында телекоммуникация және интернет провайдерлерінің қызмет көрсетуі арқылы кең арна желісінің базасымен құрылады. Сол себепті осы мақаланың басты мақсаты – тармақталған мультисервисті желіні құру барысында SDH технологиясын пайдалану.

Кәсіпорынның әр қалалардағы филиалдарымен бірлескен мультисервисті желі арқылы деректерді жіберіп, күрделі мәселені шешіп, біртұтас ақпаратты кеңістікте жиып өңдеу үшін, SDH технологиясын пайдалану қарастырылған.

Бұл үшін ең алдымен телекоммуникацияға қызмет атқаратын жабдықтаушыға кең арна желісін жобалап беру қажет. Бірлескен мультисервисті желіні өңдеу, бірлескен жүйедегі көптеген қосымшалар арасында ақпаратты жіберуді қамтамасыз ету, осы-

ның барлығы қазіргі күнде Қазақстан Республикасының аумақтарында көп тараған көптеген компаниялар және кәсіпорындарына өзекті, яғни бірінші деңгейлі мәселесі.

Өңделіп жатқан бірлескен желінің ең маңызды мәселесі болып деректерді жіберу, бейне таспа конференцияларды өткізу, кәсіпорындар арасындағы офистердің қаладан тыс телефонды сөйлесулерге шығынды аз кетіруді қадағалау. Бөлімшелер арасындағы сөйлесулерді (жиналған деректерді жіберу, деректер қорын жаңарту, қалааралық телефондық сөйлесулер) осының барлығы бірлескен желінің деректерді жіберу каналымен жіберіліп отырылып қаларалық келіссөздер шотына әкелмейді. Сондай-ақ өңделіп жатқан бірлескен желінің мақсаттарының бірі деректер қорының қазіргі уақыт тәртібімен деректер қорын жаңарту, корпоратив ішінде конфиденциальды хат жазу, жедел және маңызды ақпаратты уақытында жеткізу болып табылады.

Бұл желінің қажеттілігін бағалау үшін, біріншіден бұл желіге сұраныс қажеттілігін білу керек. Бұл жерде біз 3 негізгі факторды белгілеп алып, мақсатқа лайықты кәсіпорынға мультисервисті анықтаушы аумақты – таралған желіні құру [1].

Бірінші фактор – кәсіпорында таралған бизнес құрлымын білу. Жоғарыда айтылған сөзді түсіндірсек кәсіпорын құрлымында бас офистен басқа оның филиалдары немесе өкілдік серіктестіктері не одан басқа тәуелді кәсіпорындары бар.

Екінші фактор – қажет болатын маңызды үлкен көлемді (қорғалған бекітілмеген режимде кіру мүмкіндігі) бас офиспен филиалдың және де тәуелді серіктестіктердің бірбірімен тығыз байланысты бизнес-процестерге ақпараттарды жеткізу. Мұндай қажеттілік мысалы, кәсіпорынға көптеген жүйелер электронды құжат айналымы, ERP-жүйелер және т.б. енгізілген жағдайда пайда болады.

Үшінші немесе көп нәрсені анықтайтын – қаржылық фактор. Кәсіпорын айналымы өте маңызды болып, бірлескен желі-

нің трафик көлемдерін ақтау үшін, бірақ та шығын үлесінің бөлігі бірлескен желінің жалпы құрылымда ұстауға кәсіпорынның шығындарына өте үлкен емес.

Тасымалдау желінің ішіне ядро, тарату деңгейі және қатынау деңгейі кіреді. Желінің осындай құрылғаны тарату деңгейлерін жаңартуға немесе қатынау арқылы желі ядросын қайтадан батау арқылы және де оны баптамауға болады.

– тасымалдау желісі бар болған алғашқы (физикалық) желіге сүйеніп – сызықты жиынтық және кабельді байланыс;

– жергілікті желі ақпаратты жіберу үшін экономикалық комбинациясы және сенімді желі технологиясы және хаттамалары (Frame Relay, Gigabit Ethernet) қолданады. Осындай техникалық шешімдер кең ауқым жылдамдықта жүйенің қолайлы құндылығына байланысты деректерді ауыстыруға рұқсат береді. Көбінесе, желі қатынауы 10/100 Мбит/с жылдамдықты, ал ядро – иерархия диапазонына 1,2 Кбит/с – 2,048 Мбит/с жылдамдығын қолдайды;

– өзінің өткізу қабілеттілігіне байланысты, бейнетаспа және дыбыстарды және т.б. деректерді жібергенде тасымалдау желісі қосымша трафиктің түрлерін тиімді басқару сапасымен оған қойылатын талаптармен қамтамасыз етуі керек;

– тасымалдау желісінің ішінде қызмет көрсету және бірлескен желінің қосымшасы болады. Негізінде жалпы жүйенің қызметтерін енгізгенде (телефондау, бейнетаспа конференция байланысы, интернетке қосу) қызмет көрсету деңгейінде бірлескен желі керекті тораптарға сигнал берудің контроллері және қызмет көрсету құралдарына қосылады.

Қаланың сыртындағы офистерді қосу үшін оптикалық талшықтағы Gigabit Ethernet желісі қолданылады.

Gigabit Ethernet желісі – эволюциялық жолдың тұжырымдауларының дамуды Ethernet стандартты желісінде салынған. Әрине бұл желі барлық кемшіліктерді


мысалы желіге кепілдік берілмеген уақытты негізін салушылардан мұра етіп келе жатыр. Бірақ та үлкен өткізу қабілеттілігі желіні берілген фактордың анықталу деңгейіне дейін жүктеу қиын болады. Сақтау мұрашылғы Ethernet, Fast Ethernet и Gigabit Ethernet сегменттерді бірыңғай желіге қосады, бастысы жаңа жылдамдыққа ақырын ғана ауысып, қиын желі аймақтарын гигабитті сегменттерді енгізеді [2].

Gigabit Ethernet желілерінде CSMA/CD қатынау тәсілі жақсы сақталып және де сол дестенің пішіндері (кадрлар) сол өлшемде қолданылып, яғни Ethernet және Fast Ethernet сегменттерімен қосу орындарында хаттамаларда ешқандай өзгеріс қажет болмайды. Басты керектісі алмасу жылдамдығын бірік-


тіру. Сондықтан да Gigabit Ethernet қолдану бірінші болып Ethernet және Fast Ethernet концентраторларын бір-біріне қосуға болады.

SDH (SONET – солтүстік америкалық аналог) – бұл стандарт жоғары жылдамдықты – жоғары өндіргіш оптикалық желі байланысы үшін қолданылады; синхронды цифрлық иерархия ретінде әйгілі (Synchronous Digital Hierarchy, Synchronous Optical NETwork), қарапайым, үнемді және иілгіш инфрақұрылымды желінің байланысы.

SDH дейін оның орнына плезиохрондық цифрлік иерархия немесе PDH (Plesiochronous Digital Hierarchy) сигнал құрылымы сигналды басқару және желіде қызмет көрсетуде орын болмаған еді.



1-сурет. PDH



2-сурет. SDH

PDH желісінде деректерді жоғары өткізу қабілеттігімен жіберу цифрлік мультиплекстеу сигналының иерархиясы E.1 ден E.4 дейін болады.

Базалық блок – алғашқы жылдамдығы 2048 Мб/с (E.1) болып, 30 каналды үндес жиілігі 64 кб/с құрайды. Бұл блоктарды біріктіріп және деректерді өте жоғары жылдамдықпен жіберуге болады. Алғашқы жылдамдықтың төрт сигналы екінші жылдамдыққа дейін E.2 8448 Мб/с жылдамдығына дейін 139 Мб/с (E.4) мультиплекстенеді. Осылай 139 Мб/с жылдамдық 64\*2048Мб/с сигналды немесе 1920 үндес жиілікті мультиплекстелген каналдарды ұсынады.

Бірақ SDH дейін өндірушілер құрылғы-

сын бір жүйеде жұмыс істеуін ешқандай стандарттар кепіл бере алмады, плезиохронды желі дара компонентке қатынауы барлық сигналға демультимплекстегенде шығындары өсіп демультимплекстегені үшін екі еселенеді, өйткені сигналды қайтадан мультиплекстеу керек болады.

Синхронды талшықты-оптикалық желіні синхрондау қажеттілігі бұл желінің артықшылығы плезиохрондық болып, өңдеу және құрылғыны оларға енгізу болды. Телекоммуникациялық операторлар оындай болатынын бірінші сезді. 1984 ж. басында АҚШ-та деректерді жіберу жүйесін қосу туралы Форум болып, ол Америкалық халықаралық стандарт институтына (ANSI) тал-



шықты-оптикалық желілер туралы синхронды деректерді жіберуді туралы спецификацияны тезірек қабылдауды сұрады. Бұл стандартизацияның мақсаты – әр түрлі өндірушілердің оптикалық интерфейс деңгейіндегі құрылғыларды сәйкестіру.

ANSI-де екі комитеттің алдында есеп қойылған еді: T1X1 цифрлік иерархия және синхрондаумен айналысады, және T1M1 желілік әкімшілік ету және пайдалану сұрақтарын шешеді. Осы комитеттердің жұмыс істеу нәтижесінде стандарттың SYNTRAN деп аталатын қаралы нұсқасы шығып, осы стандартта деректерді жіберу жылдамдығы 45 Мбит/с болды. Бірақ уақыт өте бере өндірушілер жаңа жүйені ойлап тапты. AT&T компаниясы, жаңа шыққан технологияларды қолдана отырып, METROBUS жүйесін шығарды, бұл жүйеде деректерді жіберу жылдамдығы енді 150 Мбит/с болды. 1985 ж. T1X1 комитеті по предложению компании Bellcore компаниясының ұсынуы бойынша стандартты жөнге келтіру туралы шешім қабылдап, концепцияда орналасатын синхронды желіні біртұтас секілді (SONET, Synchronous Optical Network), оптикалық интерфейсін сигнал форматында және деректерді жіберу жылдамдығымен бірге анықтайды [3].

Стандарттаудың бұл кезеңінде еуропалық институттар SONET қатты қызықтыру тудырмады. Деректерді жіберу жылдамдығының иерархиясы АҚШ және Еуропада әр түрлі сигналдың жылдамдық базасында – T1 (1,544 Мбит/с) және E1 (2,048 Мбит/с) негізделді. Мына тұңғыш тереңдетулерден құтылу үшін Еуропада болатын синхронды жіберу стандарттарының дамуына қатысу керек болды. Бірақ та Еуропаны SONET 2-мегабиттік иерархиясының стандартының қолдауымен ғана қызықтыратын едік.

1986 ж. жазда МККТТ (қазіргі уақытта Т комитетінің ішіндегі МСЭ, немесе ITU-T) екі жаққа да, яғни еуропалық және америкалық иерархияға ұнайтын бірыңғай стандарт жасап шығарды. 1986 ж. шілдеде XVII

МККТТ жұмысшылар тобы синхронды цифрлік иерархияның (SDH) стандарты бойынша жұмыс істеуді бастады. Бір жарым жыл кепілдемелер үшін кетті. 1988 ж. ақпанда T1X1 комитеті SONET стандартын өзгерту туралы МККТТ ұсынысын қабыл алды.

SDH технологиясы цифрлік бастапқы желіні құруда қазіргі заманғы концепциясын ұсынады. Қазіргі уақытта бұл концепция сауаты нарығында жоғары орында тұр [4].

SDH технологиясын PDH салыстырғанда, SDH технологиясының ерекшеліктерін келесідегідей көрсетуге болады:

– синхронды түрде деректерді жіберіп және мультиплекстеуді қарастырады. Бастапқы желінің SDH элементтерін тапсырушы беретін бір генераторды синхрондау үшін қолданылады, синхронизация жүйесін құрғанда туатын сұрақтар өте маңызды болып қалады;

– тікелей мультиплекстеуді және PDH ағынын демультимплекстеуді қарастырғандықтан, SDH иерархиясының кез келген деңгейде жүктелген PDH ағынын демультимплекстеудің қадамдық процедурасыз-ақ белгілеуге болады. Тікелей мультиплекстеу процедурасы енгізу – шығару процедурасы деп аталады;

– стандарттық оптикалық және электрлік интерфейске сүйене отырып, әр түрлі фирма өндірушілер құрылғыларының өте жақсы тиесушілікті қамтамасыз етеді;

– PDH жүйесімен еуропалық және америкалық иерархияны қосуға мүмкіндік беріп, жұмыс жасайтын PDH жүйелерімен толық тиесушілікті қамтамасыз етіп, деректерді жіберу жүйелерінің келешекте мүмкіндігінше дамытады, өйткені деректерді жіберген кезде каналдар жоғары өткізу қабылеттілікті ATM, MAN, HDTV және т.б. қамтамасыз етеді;

– бастапқы желі үшін жақсы басқаруды және өзіне диагностика жасауды қамтамасыз етеді. SDH желісі арқылы берілгенде сигналда ақаулар санының көптігі, TMN платформа негізінде басқару жүйесін құруға мүмкіндік береді. SDH технологиясы тар-

мақталған бастапқы желінің бір орталығын басқаруға мүмкіндік береді.

Барлық аталып өткен артықшылықтар SDH технологиясында кең қолдануды қамтамасыз етіп цифрлік бастапқы желіде замандас парадигмалар сияқты құрылады.

Синхронды иерархияны құрудың жалпы ерекшеліктерін белгілейік:

– біріншісі – каналдарға кіретін сигналдарға қатынау трибтерге ғана (прим. от trib, tributary – компоненттік сигнал, бағынышты сигнал немесе жүктеу ағыны) PDH және SDH берілген;

– екіншісі – трибтер стандартты таңбаланған контейнерлерге буып-тиілуі тиіс, PDH иерархиясында триб деңгейімен оның өлшемі анықталады;


– үшіншісі – виртуальды контейнердің орналасуы көрсеткіштің көмегімен анықта-

лып, ол арқылы синхрондау фактісінің өңдеу арасында қайшылықты жою мүмкіндігі және контейнердің орнын пайдалы артық жүктеу өрісіне өзгерту мүмкіндігі;

– төртіншісі – бір деңгейдегі бірнеше контейнерлердің тіркесуі бір үзілмейтін контейнер секілді қарастырылып, ол стандартсыз пайдалы жүктеуде орналастыру үшін қолданылады;

– бесіншісі – жеке өрістің тақырыбы  $9 \times 9 = 81$  байт өлшемімен кескінделеді.

SDH иерархиясына бірнеше STM деңгейлері кіреді. Мысал ретінде SDH желісінде деңгейлердің қолданылуы, бастапқы SDH желісі сурет 3 көрсетілген, оған STM-16 аймақтық желі ағынында құрылған кенарналы желінің сақиналары, STM-4 ағынында құрылған жергілікті желіде STM-1 ағынымен құрылғандар кіреді.



3-сурет. SDH технологиясында құрылған бастапқы желіге мысал

SDH технологиясын енгізу процесінің бірінші кезеңінде SDH/PDH қиыстырылған желілердің пайда болуы мүмкін. SDH технологиясы «арал» түрінде көрсетіледі, жұмыс істеп тұрған каналдармен біріктіріледі. Екінші «арал» кезеңде SDH бастапқы желі негізінде біріктіріледі. Қазіргі заманғы кезеңде SDH технологиясын қарастыра қоймай, қиыстырылған желілерді және оның SDH және PDH процесстерінің әрекеттесуін қарастыру қажет [5].

SDH желісінің құрамы негізінде деректерді жіберетін негізгі элементтерін немесе, SDH функциональдық модульдерін қарастырайық. Бұл модульдер бір-бірімен SDH желісі арқылы байланысады. Жұмыс логикасы немесе желіде модульдердің әрекеттесуі қажетті модульге қажетті функциональдық байланыстарды – топологияны немесе SDH желісінің құрылысын анықтайды.

SDH желісі басқа да желілер сияқты жеке функциональдық модульдерден, мульт-

типлексорлардан, коммутаторлардан, концентраторлардан, регенераторлардан және терминалдық құрылғылардан құрылады. Бұл жиынтық желіде шығарылатын негізгі функционалдық мақсаттармен анықталады:

– SDH желісінде тасымалдау үшін қажет кіру ағыны қатынау каналдары арқылы агрегаттық блокқа түседі – мультиплекстеудің мақсаты, бұл мақсат терминалдық мультиплексорлар – ТМ қатынау желісі арқылы шешіледі;

– енгізу/шығару кіру/шығу ағындары арқылы желіде агрегаттық блоктарды тасымалдау – тасымалдау мақсаты, ADM мультиплексорлары енгізу/шығару арқылы шешілетін, логикалық түрде желідегі ақпараттық ағынмен басқарады, ал физикалық түрде – физикалық ортаның ағыны осы желіде тасымалдау каналы қалыптасады;

– виртуальдық контейнерлердің артық жүктеуі маршруттаудың кестесімен желідегі бір сегменттен басқа сегментке ауысып бұның барлығы белгіленген желі тораптарын-

да іске асады – коммутация мақсаты, немесе кросс-коммутация, цифрлік коммутатор арқылы немесе кросс – коммутаторлар – DXС шешіледі;

– бірнеше бір түрлі ағындар таралған торапқа – концентратор (немесе хабқа) қосу – концентраторлармен шешілетін концентрация мақсаты;

– бұрынғы формаларды қалпына келтіру (регенерация) және сигнал амплитудалары, үлкен ара қашықтықта деректерді жіберу, өтемге арналған оның сөнулер – регенерация мақсаты, шешілуші регенераторлар арқылы – құрылғылар арқасында, ұқсастардың LAN қайталауыштар арқылы шешіледі.

Қорыта келе, базалы кең арналы протокол таңдалып, аумақты – таралған кәсіпорын ғимараты оның ішінде ақпараттану объектілерімен қамтылып бірлескен желінің байланысы құрылды. Барлық талаптарға сәйкес SDH технологиясы бар мультисервисті желі жобасын құруға болады.

### Әдебиеттер

1. Разработка проекта корпоративной сети масштаба предприятия на базе SDH – технологии. <http://www.ronl.ru>
2. Успанова А.И. Администрирование компьютерной сети // Вестник КазУЭФМТ. – 2016. – №4. – С. 101-104.
3. Мультисервисная корпоративная сеть. <http://www.o-si.ru/project.html>
4. Стив Мак – Квери. Передача голосовых данных по сетям Frame Relay, ATM и IP / Мак – Квери Стив, Мак – Грю Келли, Фой Стивен. – М.: Вильямс., 2002. – 512 с.
5. Хендерсон Л. Frame Relay. Межсетевое взаимодействие / Л. Хендерсон, Т. Дженкинс. – Изд.: Телеком, 2000. – 320 с.

### Аннотация

В статье представлены способы создания мультисервисной совместной сети с использованием технологии SDH. Процесс обработки совместной мультисервисной сети, передача информации между несколькими приложениями в совместной системе также является первоочередной задачей для компаний и предприятий, находящихся в настоящее время на территории Республики Казахстан. Рассматриваются факторы, влияющие на построение сети на предприятии. Основные цели совместной сети - своевременное обновление базы данных, отправка данных, конфиденциальной деловой почты, проведение видеоконференции, эффективность своевременной доставки важной информации.

**Annotation**

The SDH is based on the multiservice coordinated network technology. The process of processing multilateral network of multiservice networks, transfer of information to several other applications is also a priority for the companies and the companies, which are currently in the territory of the Republic of Kazakhstan. In the footsteps, the factors are considered, the expansion of the network to the enterprise. The basic network of the basic network – the modernization of base data, sending data, the confidentiality of the post office, videoconferencing, the effectiveness of the necessary information on the essential information.



*М.Е. Байдалина, магистр, аға оқытушы*

*А.А. Аманжолова, п.ғ.к., доцент*

*ҚазЭҚХСУ*

## ЭКОЛОГИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ КРИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ

*Берілген мақалада экология пәнінде критикалық ойлаудың тәсілдерін пайдалану мүмкіндіктері анықталған. Бүгінгі таңда көптеген экологиялық мәселелер туындап жатқанда, олар жылдам және сапалы түрде өз шешімін табу қажет. Экология пәнінде критикалық ойлау тәсілдерін қолдану өзекті болып табылады деген ойдамын. Өйткені, бүгінгі күнге дейін осы сұрақты әлі де ешкім қарастырмаған. Критикалық ойлау адам ойлау қабілетінің бір түрі болып табылады. Білім алушы критикалық ойлау арқасында өз ойын анық жеткізе алады, өз пікірін ашық және нақты білдіреді және туындаған мәселенің шешу жолдарын тез, сапалы табуға мүмкіндігі пайда болады. Оқытушы білім беру үрдісінде критикалық ойлаудың тәсілдерін қолдана отырып білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамытады.*

**Негізгі ұғымдар:** экология, критикалық ойлау, критикалық ойлау тәсілдері, экологиялық қауіпсіздік, экологиялық мәселелер.

*Экология пәні.* Ғаламшарымызда әрбір тірі ағза белгілі аумақта өмір сүріп, үнемі қоршаған ортаның саналуан факторларының әсерін бастан кешіреді. Мұнымен бірге ағза туыстас және туыстас емес тіршілік иесі ретінде тіршілік ортасына әсер етеді. Саналуан ағзалардың орасан көп мөлшері өмір сүретін болғандықтан, тірі табиғат күрделі де тірі ағзалардың өзара және олардың қоршаған ортамен байланысының үйлесімді жүйесі болып саналады. Тірі ағзалардың өзара әсерінің және қоршаған тіршілік ортасымен өзара әсерінің заңдылықтарын биологияның ерекше бөлімі – экология зерттейді. Бұдан басқа мұнда белгілі аумақта тіршілік ететін ағзалар жиынтығы зерттеледі [1].

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер де өте көп. Ең бастысы осы мәселелер және қоршаған ортаның жағдайы адам денсаулығына әсер етеді. Экологиялық мәселелерді шешу үшін көптеген іс-әрекеттер жасалып жатыр, бірақ кенеттен болып қалған жағ-

дайлар тез арада шешімін талап етеді, тез арада шешім қабылдау қажеттілігі туындайды, сондықтан да критикалық ойлаудың қажеттілігі сол кезде анықталады.

Критикалық ойлау – неге сеніп, не істеу керектігі жөнінде саналы ойлай білу. Оны жадыңнан шығармай немесе оқи салу мүмкін емес. Критикалық ойлауды үйреніп алу мүмкін емес, ол күнделікті тәжірибемен келетін нәрсе. Критикалық ойлай білетін адам өзіне мына тақылеттес сауалдар қоя білу керек:

- Мен неге сеніп, нені білдім?
- Мен қандай жаңа нәрсе үйрендім?
- Менің ойлау жүйем өзгерді ме?
- Қалай, қай жағына өзгерді?
- Бұдан маған қандай пайда бар?

Осы сауалдарға жауап тауып, критикалық ойлай білетін адам өзінің ойлау жүйесін бағалай біледі.

Критикалық ойлау өзгелерді жақсы түсінуге қатысты тиімді ойлай білуге дағдыландырады. Ол дағдылар мыналар:

## Жоғары мектеп мәселелері /

- өзгелердің түйінді пікірлері мен дәлелдерін дұрыс түсіне білу;
- қарсы түйінді пікірлер мен дәлелдерді бағалай білу;
- өзінің түйінді пікірлерің мен дәлелдеріңді дайындап, оны түйіндей білу.

Критикалық ойлау әсіресе ғалымдар мен саясаткерлерге, дәрігерлер мен басқа да саланың өкілдеріне аса қажет. Ғалымдарға құбылыстың мәнін жете түсініп, тәжірибе барысында дұрыс қорытынды жасай білу үшін керек болады. Ал саясаткерлер саяси шешімді дұрыс қабылдауы үшін критикалық ойлауды игергені жөн. Бизнесмендер ахуалды дұрыс сараптап, дұрыс шешімдер қабылдауы үшін критикалық ойлай білу керек. Ал дәрігерлер диагнозды дұрыс қоюы үшін критикалық ойлауға сүйенгені жөн [2].

Сонымен бірге эколог мамандарға критикалық ойлау экологиялық мәселені экологиялық апатқа жеткізбей, тез арада шешу үшін керек, өйткені дер кезіндегі шешілген мәселе табиғатты қорғауды және адам қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Сонымен экология сабақтарында түрлі экологиялық жағдайларды және проблемаларды талқылау арқылы білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға үлес қоса аламыз, сондықтан ертеңгі күнде кенентен болып қалған мәселелердің тез шешімін тауып алатын деңгейге жеткіземіз.

Сонымен қатар қазіргі педагогикадағы проблемалық оқытудың тұжырымдамасын тереңінен зерттеу Ресейде ХХ ғасырдың 70-ші жылдары басталды, ал дәстүрлі оқыту жүйесі белсенді оқытудың және оның тұжырымдамаларының ықпалымен үлкен өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп, бірте-бірте проблемалық оқытудың теориясы мен практикасы бір-бірімен ұштаса отырып дамыды.

Қазіргі уақытта оқытушының алға қойған мақсаттарына байланысты проблемалық оқытудың да алуан түрлері бар. Мысалы, *білім, білік пен дағдыны оқушылардың меңгеруі*, мұнда оқытушы проблемалық жағдаяттарды шешу процесін басқарады.

Дербестікке байланысты алынған білімдер студенттермен меңгеріледі, ал оқушылар жағынан үлкен қызығушылықты тудырудың есебінен оқыту процесі белсендендіріледі. Сонымен, проблемалық оқыту оқу материалының құрылысы мен оқыту әдістемесі жетілген оқыту түріне айналады.

Негізгі мақсаты ретінде *оқушылардың шығармашылық* дамуы да болуы мүмкін. Бұл жағдайда оқытушы көптеген алуан түрлі проблемалық жағдаяттарды қолданады. Проблемалық оқыту қосымша білім берудің теориясы мен практикасы арасында белгілі байланыс бар екенін анықтайды, яғни субъективті ашудың жеке қызықты процесі ретінде оқытудың жалпы идеясы.

Проблемалық оқыту дамыта оқыту технологиясына жақын болып келеді, егер оның негізгі міндеті – *оқушылардың ақыл-ойын дамыту* болса. Проблемалық жағдаяттарды шешу барысында оқушылар дербестігінің ұлғаюы есебінен белсенді танымдық әрекеті қалыптасады. Осы мақсаттардың барлығы проблемалық оқытуда қолданылады, бірақ оқытушы тәжірибеде оқу материалын құру барысында, оның әдістемесін өндеуде және оқу процесін жүзеге асыруда сол немесе басқа да иерархияны керегінше қолданады.

*Проблемалық оқыту* – білім алушылар жаңа білім мен білікті меңгеретін және жалпы қабілеттерін, сонымен бірге зерттеу белсенділігін дамытатын, шығармашылық іскерліктерін қалыптастыратын салыстырмалы өз бетінше іздену әрекеті, мұғалімдер ұйымдастыратын оқытудың түрі.

Білім алушыларға мәселелер ұсынылып, олар өздері ақпаратты жинақтап, мәселені талқылай отырып шешім тапса, олардың ойлау процестері дамып ойлау қабілеттері арта түседі және білім алушылар дербес ақпаратпен жұмыс жасай алау дағдыларын дамытады.

Сонымен қатар экологиялық пәнді оқыту барысында критикалық ойлау тәсілдерін қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Проблемалық оқытудың мақсаты мен әдістерінің ерекшелігі педагогикалық процестегі оқытушының ролін маңызды өзгертеді және педагогтарға қойылатын жаңа талаптардың пайда болуын қамтиды. Олардың ішінен келесідей негізгі міндеттерді ерекшелеп көрсетуге болады:

- ақпараттық қамтамасыз ету;
- зерттеу бағыты;
- оқу материалдарының мазмұны мен (немесе) құрылысының өзгеруі;
- оқушылардың танымдық белсенділігін марапаттау.

Бұл жағдайда *ақпараттық қамтамасыз ету* дегеніміз білімді дайын күйінде беру емес. Біріншіден, проблемалық жағдаяттарды қою, осы кезде оқушыларға минимум ақпарат беріледі, ал ол қайшылықтың тууына қажетті болып табылады. Екіншіден, проблемалық жағдаятты табысты шешу үшін талап ететін ақпарат жайында сөз болып отыр.

Келесі міндет – *зерттеу бағыты*. Ол проблемалық оқыту кезіндегі педагогтың жағдайын сипаттайды. Педагог білім көзі емес, проблемалық жағдаяттың деңгейі мен оқытудың нақты әдісіне байланысты осы білімдерді іздеуде көмекші немесе басқарушы қызметін атқарады. Педагог толық оқу процесін ұйымдастырады және талап етілген жағдайда көмек береді.

*Оқу материалының мазмұны мен (немесе) құрылысының өзгеруі* міндеті тек педагог алдында ғана тұрған міндет емес, барлық білім беру жүйесіне қатысты. Мысалы, дәстүрлі оқытумен салыстырғанда проблемалық оқыту барысында объективті себептерге байланысты нақты материалдың аз ғана көлемі оқылады және проблемалық сипатты беру мақсатында оқу материалының құрылымына өзгерістер енгізуді талап етеді.

Білім алушылар танымдық белсенділігін марапаттауды қарастырайық. Проблемалық оқыту оқушылардың әрекеттерін белсендіру мен ынталандыру негізіндегі педагогикалық технологияларға жатады.

Қорыта айтатын болсақ, проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі білім алушылардың білетіні мен білмейтіндерінің арасында қайшылықтардың пайда болуы және берілген мәселені міндетті түрде шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдай пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті мен ынта-ықыласы күшейе түседі.

Проблемалық оқыту өзіне тән үш түрлі формада іске асады: проблеманы баяндау, студенттердің біршама ізденуі және оны өздігінен зерттеуі. Сонымен, оқытудың бұл түрі – проблема, проблемалық жағдай, проблемалық есеп, проблемалық сұрақ, проблемалық жағдай немесе жағдаяттар сияқты ұғымдарды қамтиды [3].

Сонымен бірге критикалық ойлаудың көптеген басқа да тәсілдері бар. Мысалы таблица құрастыру, ми шабуылы, тасқ-талдау, «инсерт» тәсілі, эссе жазу, синквейн, т. б. осы тәсілдердің де арқасында білім алушылардың ойлау қабілеті арта түседі.

Сонымен бірге критикалық ойлау тәсілдері мен, проблемалық ойлаумен қатар кейс-технологияларды да қолдануға болады. Кейс-технология білім алушының және оқытушының жалпы коммуникативті, интеллектуалды потенциалын дамытады. Жалпы айтқанда кейс-стади бұл шынайы өмірден алынған жағдайлардың талдауы [4].

Сондықтан білім алушыларға оқу үрдісінде экологиялық жағдайларды кейс-стади түрінде ұсынсақ, олардың критикалық ойлау қабілеті артып, шешім табу үшін түрлі тәсілдерді және әдістерді өз тараптарынан ұсына алады.

Критикалық ойлау оқу барысында маңызды рөл атқарады. Оқуда табысқа жету үшін сіз зерттеліп отырған нақты пәндердің тақырыбын жетік біліп алғаныңыз жөн. Критикалық ойлай білу дағдысы өтіп жатқан сабақ барысында қиын тақырыптарды оңайлата алмауы мүмкін, бірақ уақыт өте келе жинақталатын тәжірибе арқылы сіздің оқулығыңызда келтірілген дәлелдер

## Жоғары мектеп мәселелері /

мен дәйектерді түсінуді елеулі түрде арттырады. Бұл өтілген сабақтың тақырыбын жақсы түсінуге айтарлықтай ықпал етеді. Сондай-ақ критикалық ойлау сыныпта, мектепте, университетте өтіп тұратын пікір-сайыс, дебаттар кезінде сыныптастар мен курстардың тіпті оқытушылардың алдында көзқарасыңызды қорғап, пікіріңізді дәлелдеу барысында және олардың пікірін бағалауда айтарлықтай ықпалы бар. Баяндама білім жөніндегі мақалалар мен дипломдық жұмыстарды жазу кезінде осы критикалық ойлау жұмысыңызға келтіріп отырған мәліметтер негізінде сіздің жазу дағдыңызды қисынды түрде бекітіп, мұқият зер салып, түйіндеуге септігін тигізеді. Осылайша, осынау дағды жазба жұмысын орындауға өз-өзіңе критикалық талап қойып, ілім-білімді байытып, зиялылықты нығайтуға ықпал етеді.

Критикалық ойлай білу – қай-қайсымыз үшін де аса бағалы, өте қажет дүние. Егер сіз мемлекеттің жауапты тұлғасы немесе экономиканың жетекші өкілдерінің бірі болсаңыз, тек сіздің жеке өз басыңызға ғана емес, басқа адамдардың тағдырына қатыс-

ты саяси немесе қаржылық шешімдер қабылдауға жауапты тұлғаның бірі болып табыласыз. Сондай кезде немесе басқа да жағдайларда сізге критикалық ойлай білу қажеттілігі туындайды. Критикалық ойлаудың мәні өзінің немесе басқа біреудің ойын бағалап, сараптау кезінде іс-әрекетке және көз жеткізуде озық ойды қалыптастыруда жатыр. Критикалық ойлаудың өзегі қате ойлау түсінігі, қорытындыны айқындау, нақтылық пен дәлелді бағалау және нәтижені сараптай білу секілді бірқатар дағдыларда жатыр. Критикалық ойлаудың қорытындысы деректер мен бөтен біреудің пікірін өзіңе сіңіріп алу емес, пікірге төрелік айта білу және өз пікіріңді алға тарта білуде жатыр [2].

Сонымен экология пәнінде критикалық ойлау тәсілдері және мәселені дұрыс қоя біліп, шешімін табу білім алушылардың ойлау белсенділігін арттырады. Осы дағды оларға басқа да салаларда қажет. Білім алушы, берілген мәселелерді және тапсырмаларды жан-жақты қарастырып, ерекше шешім қабылдап үйренеді, сондай-ақ оның ой-өрісі кеңейе түседі және ақыл-ойы артады.

### Әдебиеттер

1. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – 2-басылымы, өңделген / М. Гильманов, А. Соловьева, Л. Әбшенова. – Алматы: Атамұра, 2009. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Бекахметов Ғ., Қоржымбаева Ә. Критикалық ойлау негіздері. – Астана, 2015. – 208 б. <https://www.slideshare.net/chingizsaulebek/ss-38917259>
3. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Байжұманова Н.С. Оқытудың жаңа технологиялары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. – 204 б.
4. Алиева А.Я., Аманжолова А.А. Методика формирования экологической компетентности будущих специалистов в ВУЗе // ҚазӘҚХСУ жаршысы. – 2018. – №1.

### Аннотация

В данной статье рассматривается возможность использования методов критического мышления на занятиях по экологии. На сегодняшний день возникает большое количество экологических проблем и они требуют своего быстрого и качественного решения. Считаю актуальным использование методов критического мышления на занятиях по экологии. Потому что, на сегодняшний день этот вопрос еще не был рассмотрен. Критическое мышление одна из способностей мыслительной деятельности человека. С помощью критического мышления студент может четко до-



